

**Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2021 жылғы 10 тамыздағы № 8/4 "Тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2023 жылғы 30 маусымдағы № 6/6 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 30 маусымда № 6468-09 болып тіркелді

Теміртау қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Теміртау қалалық мәслихатының 2021 жылғы 10 тамыздағы № 8/4 "Тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24050 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

2- тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"2. Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санатының тізбесі:

- 1) бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар;
- 2) мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылар;
- 3) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері;
- 4) толық емес отбасылар;
- 5) қандастар."

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихат төрағасы*

*А. Ломакин*